

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

Әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2007 жылғы 28 ақпан
- 2.МАН Екінші (негізгі) деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012
- 3.С.Мирсеитова «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде»

Медет Г.М.

**«Ю.Гагарин атындағы ЖББМ» КММ, Бұхар-Жырау ауданы
Шаушекова Б.К., Ибраева Э.С.
Академик ЕА. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті**

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІНДЕ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аннотация. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу қызметі-қоршаған әлеммен танысуға, олар үшін жаңа білім ашуға бағытталған шығармашылық іс-әрекет. Оқушыларымен зерттеу жұмысын жаратылыстану пәнінде өткізген тиімді, себебі, оқушылар сабақ барысында меңгерген білімдерін зерттеу барысында қолданады. Зерттеу тақырыбы өзекті, оқушылар үшін маңызды және олардың қызықтыра білуі керек.

Кілт сөздер: зерттеу жұмыстары, жаратылыстану, бастауыш сынып оқушылары.

Бастауыш мектеп жасы - әр адамның өміріндегі ерекше кезең.Ол қоршаған ортамен танысуда бастауыш сынып оқушыларының ерекше белсенділігімен және танымдық, зерттеушілігімен сипатталады.Көптеген оқушылар қызығушылық танытып, тәжірибе жасауға деген ұмтылысын көрсете отырып, әртүрлі зерттеу жұмыстарына үлкен қызығушылықпен қатысады.Осы кезеңде баланың жанында оны қолдауға және дұрыс бағытқа бағыттауға қабілетті маман болуы өте маңызды.

Педагог, профессор Б.В.Всесвятский: «Зерттеу әдісі - бұл балаларға дайын түрде ұсынылған білім емес,қоршаған өмірдегі балалардың ұйымдастырылған түрдегі ізденуі. Білім дайын күйінде берілмейді, бірақ балалардың ізденуі арқылы нәтиже пайда болады», -деп зерттеу әдісіне анықтама берген.

А.И.Савенков «Зерттеу белсенділігі, бұл баланың табиғи жағдайы, ол зерттеушілік мінез-құлықты тудырады және баланың психикалық дамуы бастапқыда өзін-өзі дамыту процесі ретінде өрбуіне жағдай жасайды», - деген, ал Е.А.Крючкованың пікірінше, қазіргі уақытта білім беру процесінің маңызды міндеті-оқушылардың зерттеу қызметіне бағытталған зерттеу дағдыларын қалыптастыру.Бастауыш сынып оқушыларын зерттеу жұмыстарына тарту оларға жаңа нәрселерді игеруге, ойлап табуға және түсінуге, өз ойлары мен идеяларын тұжырымдауға және білдіруге, қажетті шешімдер қабылдауға, өз мүдделерін нақтылауға және мүмкіндік береді[1, б.5].

Қазір оқытудағы зерттеушілік тәсілдің элементтері мектептерде кеңінен қолданылып, әр оқушының интеллектуалдық және шығармашылық дамуына мүмкіндік жасап, дарынды балаларға ерекше көңіл бөлінуде.Зерттеу жұмыстары, тәжірибелік сипаттағы іс-шаралар оқушылардың қызығушылығын арттырады. Мұндай мүмкіндіктер бастауыш сынып оқушыларына жаратылыстану сабағында беріледі.

«Жаратылыстану» пәнінің маңыздылығы жаратылыстану ғылымы бойынша білім беру бастауыш мектеп жасындағы білім алушылардың табиғи білімқұмарлығының дамуына, әлем туралы ой-өрісінің кеңеюіне, ғылымды түсінудің және қоршаған ортаны тұтастай қабылдауының дамуына, қоршаған ортаны қорғау және бағалай білу біліктерінің дамуына ықпал етуімен анықталады.Бастауыш мектепте «Жаратылыстану» пәнін оқу және меңгеру қоршаған әлемнің күрделілігі мен көпқырлылығын, сондай-ақ табиғи құбылыстар мен үрдістердің өзара байланысын, жанды және жансыз табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстар мен үрдістердің себептерін, жаратылыстану-ғылымдық білімнің адамның көптеген іс-әрекет түрлері үшін маңыздылығын, алуан

түрлі практикалық және зерттеу әрекеттері арқылы алынған білімнің күнделікті өмірмен байланысын түсінуге бағытталған.«Жаратылыстану» пәнінің мектеп курсы бастауыш сынып оқушыларында зерттеу дағдыларын қалыптастырудың кең мүмкіндіктеріне ие, өйткені бұл курстың ерекшелігі мазмұнның зерттеу сипатына ие болуында.

«Жаратылыстану» пәнінің мақсаты – білім алушының жаратылыстану ғылымы негіздері туралы түсініктерін қалыптастыру және зерттеу біліктері мен дағдыларын дамыту.«Жаратылыстану» пәнін бастауыш сыныпта оқытудың ерекшеліктері:

- пән мазмұнындағы деректер мен білімдер жүйесі оқушылардың қоршаған әлем туралы, атап айтқанда, әртүрлі денелер мен құбылыстар туралы алғашқы білімін қалыптастырады.

- пән оқушының ғылыми-зерттеу дағдысын: сұрақ қою және сол сұраққа жауап табу, зерттеу жоспарын дайындау және болжам жасау, сұрақтарға жауап табу үшін зерттеулер жүргізу; зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді жинақтау, өңдеу және түсіндіру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

- бастауыш сыныпта оқушылар пәнді меңгеру барысында дәстүрлі емес ойлау формаларына үйренеді, ақиқатпен байланысты іс-әрекеттердің жауабын табуға, сұрақтар қоюға дағдыланады, ғылыми-зерттеу тәсілдерін түсініп, ойлауға және бақылауға дағдыланады.

- білім алушыны зерттеу жұмыстары мен тәжірибелер жасау арқылы тапсырманы өздігінен ізденіп орындауына және дұрыс тұжырым жасауына бағыттайды, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады[2, б.52-53].

Жаратылыстану пәнін оқытуда қолданылатын зерттеудің негізгі принциптері мен әдістерін меңгеру жас ұрпақтың дүниетанымын, ойлаудың ғылыми тәсілін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жағдайларға байланысты зерттеу тақырыбы әр түрлі болуы мүмкін.Зерттеу тақырыбы мәселе бойынша жеке оқушылардың білімін тереңдету, оқу үрдісін саралау мақсатында оқу бағдарламасының кейбір теориялық мәселелеріне қатысты болады.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру кезінде негізінен жас және жеке ерекшеліктерін ескеру қажет, оқытудың тиісті әдістерін қолданып, оқушылардың жасына байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарымен байланысты ұғымдарды бейімдеу керек, сонымен қатар, жүргізілетін зерттеу әдістерінің формалары қол жетімді, зерттеу тақырыбы бастауыш сынып оқушыларының жеке мүдделеріне сәйкес болуы керек.

Зерттеу жұмысы бала үшін қызықты және мағыналы, оның жеке дамуына пайдалы болуы керек. Зерттеу барысында жетекшінің әр оқушыға жеке көңіл бөлуі оқушылардың қабілеттерін, мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын, жұмыс қарқынын ескеруге мүмкіндік береді.

Оқу пәнінің басты ерекшелігі – зерттеушілік білік пен дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған «Мен зерттеушімін» бөлімінің оқу мақсаттары «Жанды табиғат», «Заттар және олардың қасиеттері», «Жер және ғарыш», «Табиғат физикасы» бөлімдерінің оқу мақсаттарымен кіріктіріле жүзеге асырылады.

«Жанды табиғат» бөлімінде оқушылармен бірге өсімдіктердің қалай өсетініне байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады. Сыныпта оқушылардың қатысуымен қажетті құралдар арқылы өсімдікті отырғызып, өсімдіктің өсуі мен дамуына зерттеу жұмысын жүргізу оқушылар үшін қызықты болады. Сонымен қатар, адам ағзаларын өткен кезде, мысалы тыныс алу мүшелерімен танысқан кезде қажетті құрал-жабдықтармен тыныс алу мүшелерін жасап көріп, өкпенің қалай жұмыс істейтінін бақылау оқушылар үшін өте қызықты болады.

«Жер және ғарыш» бөлімінде бастауыш сынып оқушыларымен бірге әр ғаламшарды құрал-жабдықтардың көмегімен жасап, қажетті түстермен бояп, ретімімен орналастырып күн жүйесін жасау оқушылардың есінде әлдеқайда ұзағырақ қалады деп есептейміз.

«Табиғат физикасы» бөлімінде тақырыпқа сәйкес магниттің көмегімен зерттеу жұмысын жүргізген қызықты. Түрлі құрал-жабдықтардың, мысалы магнит, темір, резеңке, пластмассаның көмегімен оқушылар магниттік қасиетке ие заттарды анықтайды. Сонымен қатар мұздың еруін қалай баяулату керек секілді сұрақтарға зерттеу жұмыстарын жүргізу оқушылар үшін өте қызықты.

«Жаратылыстану» пәнібірінші және екінші сыныптарда аптасына бір рет, ал үшінші және төртінші сыныптарда аптасына екі рет өткізіледі. Кезкелген жұмыстың сәттілігі, ең алдымен, зерттеу жұмысының мақсаты мен оның міндеттері қаншалықты айқын тұжырымдалғанына байланысты. Зерттеу жұмысының мақсаты жауап алғысы келетін сұрақты нақты көрсету үшін нақты тұжырымдалған болуы керек. Сонымен қатар, мақсат белгілі бір зерттеушіге қол жетімді болуы керек.Зерттеу міндеттерін тұжырымдау да өте күрделі және уақытты қажет ететін жұмыс, дейді В.А. Калней. Оларды қою кезінде зерттеуші жұмыстың не үшін жасалғанын, нені байқап, нені білгім келетінін анықтауы керек. Тапсырмаларға қойылған сұрақтар нақты болуы керек және оқушылар

нақты жауап берулері керек. Зерттеу жұмыстарының мақсаты – оқушылардың барлығын ғалым етіп шығаруға ұмтылу емес, оларға білім, білік, дағды беріп, шығармашылық ойлауының қалыптасуына ықпал ету [3, б.12].

Осы дереккөздер негізінде, сондай-ақ бастауыш мектептің оқу-тәрбие тәжірибесіне талдау жасай отырып, біз бастауыш сынып оқушыларының «Жаратылыстану» пәнінде зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың келесі педагогикалық шарттарын анықтадық:

1. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру. Зерттеу барысында тиімді әдістерді қолдану, зерттеу тақырыптарының бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне және жеке қызығушылықтарына сәйкестігі.

2. Мақсаттылық және жүйелілік. Зерттеу дағдыларын дамыту бойынша жұмыс сабақта да, сабақтан тыс жұмыстарда да үнемі жүргізілуі керек. Мұғалім оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру үшін сабақта әртүрлі материалдар, көрнекіліктер пайдаланып, тақырыптарды оқытуда үнемі зерттеу әдісін қолдануы керек.

3. Оқушылардың зерттеу іс-әрекетін ынталандыру үшін сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетте тәжірибелік және интеллектуалдық қиындықтар туғызу, жаңа білімге деген қажеттілікті өзектендіру, оқушылардың қызығушылықтарын кеңейту, оларға зерттеу қызметі және оның адам үшін маңызы туралы білім беру арқылы жүзеге асырылады.

4. Шығармашылық орта. Мұғалім шығармашылық жұмыс ортасын құруға ықпал етіп, зерттеу жұмысына қызығушылық танытуы керек.

5. Психологиялық жайлылық. Мұғалімнің міндеттерінің бірі-оқушылардың шығармашылық көріністерін ынталандыру, шығармашылық ізденіске ұмтылдыру. Оқушылар төмен баға аламын деп қорықпаулары керек. Мұғалімнің міндеті-оқушылардың тілектерін, зерттеу барысында белсенділіктерін басу емес, оларды қолдау және бағыттау. «Сен қате орындадың» деген пікірлер жұмыс істеуге, әрі қарай жүруге деген ұмтылысты тежейді. Әр оқушыға өз күштерін сезінуге, өзіне сенуге мүмкіндік беру керек.

6. Оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыратын педагогтың қызметі. Педагог алдымен зерттеу жұмыстарының қалай ұйымдастырылатынын білуі керек, оқушылардың жас ерекшеліктеріне және қызығушылықтарына сәйкес зерттеу жұмысын ұйымдастырып, сонымен қатар, тиімді әдістерді пайдаланып, шығармашылық орта құра алуы керек [4.б. 46]. Сонымен, бастауыш сыныпта жоғарыда аталған ұйымдастыру жолдары сақталған жағдайда ғылыми-зерттеу іс-әрекеті нәтижелі болады.

Қорытындылай келе, зерттеу жұмыстарын жаратылыстану пәнінде өткізген өте тиімді, себебі оқушылардың сабақ барысында меңгерген білімдерінің зерттеу барысында пайдасы зор. Жалпы зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылар мыналарды түсінеді: мәселелерді көре біледі, сұрақ қояды, ұғымдарға анықтама бере біледі, жіктей алады, бақылау жүргізеді, тәжірибелік жұмыстар жүргізеді, қорытынды жасай біледі, мәтінмен жұмыс істеп, өз ойларын дәлелдеп, қорғай біледі.

Әдебиеттер:

1. Дмитриевой Н. Я., Казакова А. Н. Организация исследовательской деятельности на уроках курса «Окружающий мир»: методическая разработка. – Ярославль, 2021. – С.5

2. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». -Астана, 2022. - 52-53 бет.

3. Шумаковой Н.Б. Развитие исследовательских умений младших школьников. – Москва: Просвещение, 2011. -12 бет.

4. Богоявленская Д. Б. Исследовательская деятельность как путь развития творческих способностей/сб. статей /– М.; НИИ школьных технологий, 2006. – С. 44 – 50.

Монжосова А.Е.
КГУ «Гимназия №1» г. Караганда

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ ПОСРЕДСТВОМ ИЗУЧЕНИЯ ТЕРМИНОВ И ПОНЯТИЙ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

Аннотация. Функциональная грамотность – способность человека вступать в отношения с внешней средой и максимально быстро адаптироваться и функционировать в ней. Чтобы овладеть основами любой науки – необходимо усвоить систему её понятий. Обучаясь в школе, ученики овладевают системой исторических понятий. В общей системе процесса познания истории